

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 117 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 маусымда № 9-16-93 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңның 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына, Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі № 157 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды мерзімді әскери қызметке 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы", мемлекеттік тіркеу нөмірі 3677, қаулысына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу жөніндегі аудандық шақыру және медициналық комиссиялардың жұмыстары ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Қоса беріліп отырған аудандық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. Ауыл, село және селолық округтердің әкімдері:

1) кестеге сәйкес әскерге шақырылушылардың дер кезінде хабардар етілуін және Науырзым ауданының шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылушыларды адамдар тасымалдау үшін арнаулы жабдықталған көліктермен жеткізсін;

3) қосымша медициналық тексеруге жіберілген әскерге шақырушыларға бақылау жүргізсін;

4) әскери қызметті өтеуге жіберілетін әскерге шақырылушыларды салтанатты шығарып салу жөнінде іс-шаралар ұйымдастырсын.

4. "Науырзым ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақырылушыларды Қостанай қаласына облыстық бақылау медициналық комиссиясына жеткізу үшін автобус бөлсін.

5. Науырзым ауданы әкімдігінің "Атамекен" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны аудандық шақыру учаскесіндегі техникалық жұмыстар үшін, жалақыларын сақтай отырып екі қызметкер бөлсін.

6. "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) :

1) шақыру комиссиясы өтетін күндері шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полиция қызметкерлерін бөлу;

2) кестеге сәйкес әскерге шақырылушыларды аудандық шақыру комиссиясына жеткізу кезінде бастап жүру үшін учаскелік полиция инспекторларын жіберу;

3) мерзімді әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

4) әскерге шақырылушыларды аудандық шақыру учаскесінен облыстық медициналық комиссиясына жеткізу кезінде бастап жүру үшін полиция инспекторларын бөлу ұсынылсын.

7. Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына шақыру кезеңінде (келісім бойынша):

1) аудандық медициналық комиссияны жетіспейтін дәрігер-мамандармен, медициналық құралдармен, мүліктермен, оның ішінде флюорографиялық пленкалармен және химиялық реактивтермен жабдықтау жөніндегі жұмысты;

2) әскерге шақырылушыларды стационарлық тексеру, емдеу үшін аурухана палаталарында он орын бөлуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Меншік нысанына қарамастан ұйым, кәсіпорын мен мекеме басшыларына азаматтардың медициналық комиссиядан өтуіне байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босатылатынын ескеру ұсынылсын. Медициналық комиссияның жұмысына тартылған мамандардың, сонымен қатар шақыру кезеңінде медициналық комиссиядан

өтуге жататын азаматтардың жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақталады.

9. "Науырзым ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды аудандық бюджеттің шығыс сметасында қарастырылған қаржы есебінен жүзеге асырсын.

10. Науырзым ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі № 83 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына еркек жынысты азаматтарды 2008 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 9-16-68, 2008 жылғы 22 мамырда аудандық "Науырзым" газетінде жарияланған) қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

11. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х. С. Қ у а т қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

12. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
О. Жанатов

"Қостанай облысы Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ. Сыздықов

Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

С. Исмағұлова

Науырзым ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 18 мамырда

№ 117 қаулысымен бекітілген

**Аудандық
ҚҰРАМЫ**

шақыру

КОМИССИЯСЫНЫҢ

Ескерту. Қосымша өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2009.09.22 № 202 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Негізгі құрамы:

Халит Ілиясұлы Едіресов - "Науырзым ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Орал Тұмырзаұлы Баймурзин - "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Рсалды Жабағықызы Бадығұлова - Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасы "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – "Науырзым АОА" МКҚК) дәрігер-терапевті, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша)

Резервтік құрамы:

Аян Тәттібайұлы Бозаев - "Қостанай облысы Науырзым ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау және шақыру бөлімшесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Сертай Шәймерденұлы Шарафиев - ауданы әкімі аппаратының бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия құрамы:

Олжабай Файзоллаұлы Жанатов - "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Науырзым ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы келісім бойынша)

Сара Маруарқызы Исмағұлова - "Науырзым АОА" МКҚК бас дәрігері (келісім бойынша)

Гүлжан Бағытжанқызы Ахметжанова - "Науырзым АОА" МКҚК медициналық мейірбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Елжан Ержасланұлы Смағұлов - "Науырзым ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Алтын Еркембайқызы Спанова - "Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының "Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының фельдшері, комиссия хатшысы болып енгізілсін (келісім бойынша)